

Енгізілген күні: 25 мамыр 2022 ж.

«Қазхром» Трансұлттық компаниясы акционерлік қоғамы бизнес-қызметінің негізгі мақсаты - Компания қызметінің сипаты мен ауқымына және оның контекстіне сай келетін экологиялық аспектілерді, энергия тиімділігін және еңбекті қорғау саласындағы тәуекелдерді басқара отырып, ферроқорытпаларды, хром және марганец кенін және олардың негізінде талап етілетін сападағы өнімді өндіру есебінен және әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын сақтау арқылы Компанияның серпінді әлеуметтік-экономикалық дамуы мен қаржылық тұрақтылығы.

Өндірістік жүйені дамыту және өндіріс қауіпсіздігін ұйымдастыру әр жұмыскердің ішкі сеніміне негізделген Компания саясатының ажырамас бөлігі болып табылады.

Сапа, қоршаған орта, энергия тиімділігі, еңбекті қорғау және әлеуметтік жауапкершілік менеджментіне деген көзқарастарымызды іске асырудың негізі Компания қабылдаған халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес Компанияның менеджмент жүйесін жұмыс күйінде ұстау және нәтижелілігі мен тиімділігін тұрақты арттыру болып табылады.

БІЗДІҢ ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ:

► ТҮТІНУШЫЛАР МЕН БАСҚА ДА СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРГЕ БАҒДАРЛАУ:

Компания ұжымының қызметін түтінушылардың, акционерлердің, қызметкерлердің және басқа да мүдделі тараптардың талаптары мен үміттерін орындауға, сапа, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, энергия тиімділігі және әлеуметтік жауапкершілік саласындағы Компанияның заңнамалық, нормативтік актілері мен қосымша талаптарын сақтауға бағыттау. Компания деректерін, анықталған тәуекелдері мен мүмкіндіктерін талдау мен бағалауға негізделген шешімдерді қабылдау кезінде сапа, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, энергия тиімділігі, әлеуметтік жауапкершілік мәселелеріне басымдық беру.

► ҰЖЫМДА СЕРІКТЕСТІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҚҰРУ:

белгілі бір жұмысты орындастын Компанияның әрбір бөлімшесі мен әрбір қызметкері жұмыстың келесі кезеңін орындастын әріптестерін өздерінің түтінушысы ретінде қарастырады және олар күткен жұмыстың сапасын қамтамасыз етеді.

► МЕНЕДЖМЕНТКЕ ПРОЦЕСТИК КӨЗҚАРАС:

процестерді және олардың арасындағы өзара қатынастарды жетілдіру.

► ТӘУЕКЕЛДЕР МЕН МҮМКІНДІКТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ИС-ӘРЕКЕТТЕР:

басшылар мен жұмыскерлерде олар жүзеге асыратын қызмет шеңберінде тәуекелге бағдарланған ойлауды дамыту және тәуекелдер мен мүмкіндіктерге байланысты әрекеттерді енгізу.

► ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚАУІПТЕРДІ ЖОЮ ЖӘНЕ ҚАУІПТЕРДІ ТӨМЕНДЕТУ:

Компанияның қатардағы жұмыскерлерінің қауіптерді анықтауға және тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалауға қатысуын қамтамасыз ету, сондай-ақ жұмыс орындарында оларды жою (төмендету) бойынша әрекеттерді анықтау. Компания жұмыскерлеріне қолайсыз тәуекелдердің әсерін азайту.

► ТҰРАҚТЫ ЖАҚСАРТУ:

өндірістің тиімділігін, менеджмент жүйесінің нәтижелілігі мен тиімділігін үздіксіз жетілдіру және арттыру бойынша Компанияның мақсатына табысты қол жеткізуге мүмкіндік беретін қызметкерлердің өзара байланысты білімдерін, құралдарын және өзара әрекетін қолдану.

► ҚОҒАМНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ:

табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен сақтау және қоршаған табиғи ортаға әсер ету дәрежесін ұдайы төмендету кезінде бизнестің экономикалық өсүі мен әлеуметтік жауапкершілігін қамтамасыз ету.

► ОТЫН-ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ҮНӘМДЕУ МЕН ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ:

Компанияның энергия тиімділігін арттыру, оның ішінде энергетикалық нәтижелерге әсер ететін энергия тиімді өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу есебінен арттыру, сондай-ақ энергия тиімділігін арттыруға бағытталған жобалау.

► ПЕРСОНАЛДЫҢ

сапа, экология, энергия тиімділігі, еңбекті қорғау, әлеуметтік жауапкершілік мәселелері бойынша білім деңгейін тұрақты арттыру. Жұмыскерлерді жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары, қазіргі өндірістік қауіптер мен тәуекелдер, жақсарту жөніндегі мүмкіндіктер туралы хабардар ету. Барлық деңгейдегі қызметкерлерді оқыту, мансабын, кәсібиілігін, құзыреттілігін, хабардарлығын және тартылуын дамыту.

► БАЙЛАНЫС ПРОЦЕСІН ЖАҚСАРТУ:

Компанияның бөлімшелері мен қызметкерлері арасында, акционерлермен, қоғаммен, билік органдарымен, іскери серіктестермен және басқа да мүдделі тараптармен тиімді байланыс орнату.

► ӨНДІРІС МӘДЕНИЕТІН АРТТЫРУ:

барлық жұмыс орындарында еңбек жағдайлары мен қауіпсіздігін жақсарту, қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің денсаулығына қамқорлық жасауды қамтамасыз ету.

► ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІ:

қызметкерлердің шығармашылық потенциалын ашуға, олардың сапа, экология, энергия тиімділігі, еңбекті қорғау және әлеуметтік жауапкершілік мәселелерін шешуге белсенді қатысуына ықпал ететін жағдайлар жасауға, ашық байланыс механизм есебінен түрлі функцияларды жүзеге асыратын қызметкерлердің командалық жұмысынан барынша синергия алуға қатыстыру.

► Біздің серіктестермен және барлық мүдделі тараптармен

ӨЗАРА ТИІМДІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ОРНАТУ.

► ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК КЕПІЛДІКТЕРІН ҮНЕМІ ЖАҚСАРТУ:

қолданыстағы еңбек заңнамасын қатаң сақтау, кәсіптік одақтарға бірігу бостандығы, жұмыскерлердің ұжымдық шарт жасасу туралы келіссөздер жүргізу құқығы, Компанияның еңбек ұжымының өкілі ретінде кәсіподак комитетімен қызмет ету, жай-күйін жүйелі талдау және жұмыскерлерді белсенді түрде қатыстыру арқылы Компания жұмыскерлері мен олардың отбасы мүшелерінің әлеуметтік қорғалу, сыйақы және әлеуметтік қамтамасыз ету деңгейін жоспарлы түрде арттыру.

► ТЕНДІК ЖӘНЕ ӘРТҮРЛІЛІК ПРИНЦИПТЕРІН САҚТАУ:

адам құқықтарына, мәжбурлі және балалар еңбегіне қатысты заңнама мен нормативтік актілерді қатаң сақтау. Жұмысқа орналастырудың тәң мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, персоналды жалдау кезінде үміткерлерді іріктеу процесінің ашиқтығы мен айқындығын қамтамасыз ету. Адамдардың жынысы, гендерлік, діни, жасы, физикалық белгілері бойынша кез келген айырмашылықтары адамдардың ерекше тобын алып тастауға немесе бөліп көрсетуге негіз ретінде пайдаланылмайды.

► ПЕРСОНАЛДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ ҚАМҚОР БОЛУ:

өз медициналық орталықтарында жұмыскерлерге медициналық қызмет көрсетудің жоғары сапасын қамтамасыз ету, кәсіпорындар орналасқан өңірлердің түрғындарын медициналық қамтамасыз етуді жақсарту. Жұмыскерлердің эмоционалдық әл-ауқатына қамқор болу.

Компания басшылығы осы Саясатты іске асыру, қабылданған міндеттемелерді жүзеге асыру үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз ету жауапкершілігін өзіне алады және Компанияның барлық жұмыскерлерін жоғарыда көрсетілген ниеттер мен қызмет бағыттарын іс жүзінде іске асыру бойынша басшылықтың қызметін қолдауға шақырады.